

ӘОЖ 950(574)«14/17»

А.С.Сағатова, Е.К.Аринов

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті (E-mail: erlan.arinov@mail.ru)

XV–XVIII ғасырлардағы қазақ ойшылдарының Ресей отаршылығына қатысты ой-толғамдары

Қазақ философиясының тарихы үшін XV–XVIII ғасырлардағы қазақ ойшылдарының ресей отаршылығына қатысты ой-толғамдарын зерттеу өте өзекті мәселе болып саналады. Себебі авторлар Ресейдің Қазақ жерін отарлауы XV–XVI ғасырларда басталды деп есептейді. Бұған дәлел ретінде мақалада осы заманда өмір сүрген Асан Қайғы, Қазтуған, Шалкиіз, Доспанбет, Жиембет, Үмбетей, Бұқар жыраулар сынды қазақ ойшылдарының Ресей империясының отаршылығына қатысты ой-толғамдары келтірілген.

Кілтті сөздер: Қазақ Ордасы, қазақ ойшылдары, отаршылық, заман, қилы заман, зар заман, жер-ұйық, төл сана, бөгде сана.

XV ғасырдың бірінші жартысы қазақ даласында ішкі және сыртқы қайшылықтардың шиеленіскен уақыты болды. XV ғасырдың 20-жылдары негізгі халқын түркі тектес ру, тайпалар құраған Ақ Орда мемлекеті ыдырайды. Нәтижесінде осы территорияда, яғни Еділден Ертіске дейінгі жерде, бір-бірінен тәуелсіз екі саяси бірлестік қалыптасты. Біріншісі — Жайықтан Еділге дейінгі жерлерді қамтыған Ноғай Ордасы, екіншісі Ырғыз, Сарысу, Есіл өзендері бойында — Әбілқайыр хандығы (Көшпелі өзбектер мемлекеті). Ақ Орда халқы енді осы хандықтар құрамына енеді. Әбілқайыр хандығының ішкі әлеуметтік-экономикалық жағдайы билік үшін талас, сонымен қатар Әбілқайыр ханның жүргізген көп соғыстары, оның өз жақтастарын еркінсітіп жіберуі сияқты себептер нәтижесінде көп уақыт өтпей-ақ әлсірей бастайды. Керей мен Жәнібек сұлтандар өздеріне қарайтын елін Әбілқайыр хандығынан XV ғасырдың 50–60-жылдары бөліп алып, ел тарихында алғаш Қазақ Ордасы деген атпен сол кезде Моғолстан мемлекеті иелік еткен Шу, Талас өзендері маңайында жаңа мемлекет құрады. Ал сол кезде біршама күшейген Орыс мемлекетімен арада тұрған Ноғай Ордасы болса, ол да әлсіреп, қазақ даласына келер қауіпті күшейте бастайды. Осы Ноғай елімен аралас отырған қазақтар ішке қарай көшуге мәжбүр болады. Бұл ретте қазақ-ноғай ара қатынасы жайында М.Мағауин былай жазады: «...Қазақ хандығы құрылған кезде оның батыстағы көршісі Ноғай одағы ыдырай бастаған еді. ...Ноғайлар мен қазақтар аралас-құралас отыра берген: кей ауылдар бірге көшіп те жүрген, қазақ хандары мен ноғай билері қыз алысып, қыз берісіп тұрған. Ара-тұра жайлау-қыстаулар үшін, олжа үшін соғысып қалып отырғанымен, ноғайлар мен қазақтар біршама тату көршілік құрған сияқты. Өзара туыс екі орда ноғайлар мен қазақтардың бірге көшіп жүрген уағы қазақ эпосында қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған алтын заман ретінде еске алынады деп жазады Шоқан. Екі халықтың этникалық құрамы бірдей-тін де (ноғай рулары: Найман, Керей, Арғын, Қоңырат, Қыпшақ, Алшын, Қытай, Қаңлы, Алаш, Тама, Қарт Қазақ), тіліндегі, салтындағы айырмашылық жоққа тән еді. Сондықтан көңіліне билеушісі жақпаған рулар бір ұлыстан бір ұлысқа ауып өте берген. Бұл ағым қазақтан ноғайға қарай емес, керісінше болған» [1].

Орталық Азия аймағында, Еуразия мемлекеттері жүйесінде елеулі рөл атқарған ірі мемлекеттің – Қазақ Ордасының – құрылуы бұрыннан бір-бірімен туыс болып жүрген аралас-құралас ру, тайпалардың бірігуіне, қазақ этносының қалыптасуына алып келді. Мемлекет болуы үшін екі негіз болуы қажет еді: Жері және азаматтары. Жер анықталды, яғни, Қазақ Ордасы алғашқы уақыттарда Батыс Жетісу жерін, Шу мен Талас алқаптарын иеленді. Аулы аралас, қойы қоралас болып жүрген ру,

тайпалар этнос қалыптастырушы туыстық қауымдастық құрды. Бірақ мемлекет болуы үшін туыстық қауымдастық қана жеткіліксіз еді, барлық тайпаларды біріктіретін азаматтық сана қалыптастырудың қажеттілігі туған болатын. Азаматтық сана – елдік сана. Бұл туыстас ру, тайпалардың тек өз мүдделерін ойлау емес, түгелдей елдің мүддесін ойлау, яғни тұтастай ел болып бірігу, мемлекеттің ілгері дамуын, өмір сүруін қамтамасыз етуді көздейтін негізгі нысаналы ортақ мақсатқа бірігу. «Төртеу түгел болса, төбедегі келеді, алтау ала болса, ауыздағы кетеді» деген қазақ даналығы бар. Шынында да бірлік мықты болса, алынбайтын қамал болмайтынын Әбілқайыр ханнан бөлініп шығып, Моғолстан жеріне барып мекендеген, кейін аз ғана уақыттың ішінде жерінің аумағын Ертіс пен Қараталдан Сырдария мен Жайыққа, Алтай мен Тянь-Шаньнан Каспий мен Аралға дейін жеткізген Керей мен Жәнібек хандар дәлелдеп берді.

Қазақ хандығы құрылды, қазақ деген этнос қалыптасты. Құрылған хандықты, хандықта өмір сүріп отырған халықты, жерін, суын, жұртын сыртқы жаулардан қорғау мәселесі басты орынға шықты. Себебі М.Мағауин жазғандай: «XV ғасыр – Шығыс Еуропаның тарихында ұлы өзгерістер болып жатқан дәуір еді. Күні кеше Алтын Орданың тепкісінде жүрген орыс елі қайта көтерілді, Мәскеу күшейе бастады, бірлі-жарым қақтығыстарда өз қаруының салмағын көрсетіп те қалды. Орыс мемлекетінің қуаты күн сайын артып келе жатты» [1; 23]. Күшейген орыс елі көршілес жатқан Озақ еліне көз аларта қарады, оны жаулап алудың жолдарын қарастыра бастады. «Осы орайда «XVI–XVII ғасырлардағы қазақ-орыс қатынастары» деп аталатын тарихи құжаттар мен материалдардың жинағында 24-нөмірмен берілген: «Қазақтарды орыстардың боданына тарту жөніндегі Петр I айтқандары бойынша А.Тевкелевтің жазбаларынан» деген құжатқа назар аударма кеткеннің артықтығы жоқ. Сонда Петр I қазақтардың ұлан-ғайыр даласын Орыс империясының құрамына кіргізу үшін ештеңе аямай, үлкен шығындарға қарамай, миллион сомға дейін қаржы шығару туралы нұсқау бергені айтылған. «Қазақ Ордасы – бүкіл Азия елдеріне шығар қақпаның кілті. Сол себепті оны Ресейдің протекциясына кіргізудің Ресей үшін тиімді де қолайлы шаралардың бәрін қолдану керек» делінген нұсқауда» [2]. Қарап отырсақ, Ресей үшін Қазақ елі Орта Азияға кіретін қақпа ретінде саналды және қазақтың асты да, үсті де бай, кең даласы оны қызықтырмай қоймады.

Ресейлік патша үкіметі қазақ даласын жедел отарлауды XVIII ғасырдың басында қолға алды. Бұған түрткі болған дүние Кіші жүз ханы Әбілқайырдың 1730 жылы патша Анна Иоановнаға жазған хаты. Хатта: «...өзіме қарайтын Орта және Кіші жүздің барша қазақтары Сізге бодан болғымыз келеді» [3] делінген. Бұл хатты негізге ала отырып, патша 1731 жылы 19 ақпан күні қазақты бодандыққа алу туралы жарлыққа қол қойды. Осы оқиғадан кейін Ресей империясының қазақ елін ашық түрде отарлау саясаты басталды. «Асты кенге, үсті жемге толы қазақ даласын иемденіп алу үшін не істеу керек? Әрине, жердің үстінде қалқып жүрген қазақты құртып жіберсе болғаны. Жер де, ел де орыстікі болып шыға келеді. Сөйтіп, осыдан 250 жылдай бұрын Ресей қазақты құртудың жоспарын жасаған» [3].

Қазақ елінің Ресейдің отары болуының алдында олардың арасында едәуір саяси байланыстар болды. Орыс мемлекеті өзінің Шығыстағы мемлекеттік шараларын кеңейтуге мүдделік көрсетті. «Мемлекеттік өкіметтің орталықтандырылуына және күшеюіне қарай көршілес жатқан шығыс мемлекеттерінің халықтарымен сауда айырбасын өзара қарым-қатынастың басқа да түрлерін дамытудың мүмкіндіктері арта түсті. Иван IV-нің Қазан, Астрахань хандықтарын, Оңтүстік-Батыс Сібірді жаулап алуы, Кама сауда жолын құруы Қазақ хандығымен тікелей түйісуді жеңілдетті. Орыс мемлекетінің Қазақ жеріне деген ықыласы XV–XVI ғасырлардың екінші жартысынан бастап Ресей ортаазиялық хандықтармен сауда және дипломатиялық қатынас орнатқаннан кейін қатты күшейді» [4]. Осындай байланыстардың соңы Қазақ елінің Ресей империясының отары болуымен аяқталды. XIX ғасырда хандық билік ресми түрде жойылып, қазақ бодан елге айналды.

Көріп отырғанымыздай, Ресей елінің қазақ жерін отарлауы бірнеше ғасырларға созылды. Отарлаудың алғашқы нышандары XV ғасырда-ақ біліне бастады, ал XIX ғасырда толығымен аяқталды. Міне, осындай ел басына төнген ең ауыр да қауіпті кезеңдерде халық арасынан дана ақылгөй адамдардың дүниеге келуі қажеттіліктен туған процесс болатын. Кез келген ойшыл дүниетанымының қалыптасуына оның өмір сүрген ортасы, белгілі бір уақыт кеңістігі, оның саяси-әлеуметтік ахуалы тікелей әсер ететіні даусыз. Адамды заманы, қоғамы өсіретіні шындық. Қазақ хандығы құрылып, оның буыны бекімей тұрып көршілес елдердің қанды тырнағына іліне бастаған кезде елім деп еңіреген ұлдардың тууы заңдылық еді. Хандық дәуірдің басында, қазақ халқының жеке ұлттық санасы, төл дүниетанымы қалыптаса бастаған уақытта, өмір сүрген, даналығы, ойшылдығы, кеменгерлігімен қиын уақыттарда елін дұрыс жолға бағыттап, оған демеу болған

Сүйінішұлы Қазтуған, Асан Қайғы, Тіленшіұлы Шалкиіз, Аймадетұлы Доспанбет, Жиёмбет, Үмбетей, Қалқаманұлы Бұқар жыраулардың Ресей империясының отаршылығына қатысты ой-толғамдарын, өз заманындағы саяси-әлеуметтік процестерге, оқиғаларға қатынасын талқылап көрсек.

Керей мен Жәнібекке Қазақ Ордасын құруда ақылшы болған, жаңа қалыптасып жатқан хандықтың ұраншысы болған, елдік идеясын қалыптастырған, мемлекет қайраткері, ойшыл Асан Сәбитұлы болатын. Ол сол кездегі хан Әз-Жәнібектің Қазақ Ордасының астанасын Астрахан жариялауына қарсы шықты.

*Жәнібек атты жақсы хан,
Еділ менен Жайыққа
Кәуірге қала салдырдың,
Ақылды белден шалдырдың,
Көңілді жаман қалдырдың.
Көңіл қалмай, не қылсын,
Төңірек жүзді, қой көзді,
Әспеттеген балаңды
Атасы нәлет кәуірге
Күндердің күні болғанда
Бас бұлғамай берерсің! [1; 56] —*

дейді. Қамал салып жатқан хан Жәнібекке Асанның бұлай айтуының себебі бұл жер орыс мемлекетінің шекарасына жақын орналасқан еді. Күшейген Орыс патшалығы шығысындағы елдерге көз алартып, жерін кеңейту мақсатында Еділ мен Қазан бойындағы елдерге шабуыл жасап жатқан болатын.

*Қорған салдың бейнет қып,
Қызметің жатыр ішіп-жесп.
Он сан ноғай бүлініп,
Артыңды алар орыс кеп
Оны неге білмейсің?! [1; 57]*

Көреген Асан Қайғы орыстың қазақ еліне де көп ұзамай шабуыл жасайтынын білді. Сырттан келетін қауіптен сақтану үшін «қарындасты жамандап, туысты қайдан табасың» деп елді бірлікке, ынтымақтыққа, бір жерге ұйюға шақырды. «Асан қарындас деп бір ел боп туысқан жұрттың азаматтарын айтып отыр. Діні бір, тілі бір, тарихы бір ру, тайпалар бір жерге ұйып жаңа ұлт болды, оның аты қазақ этносы. Енді осы ұлттық сананы Асан «қарындас», яғни туыс деген ұғыммен бейнелеп отыр. Туысынды жамандасаң, жауға жем боласың, елдігіңнен айрыласың, — дейді Асан Қайғы. Бұл Асан идеясының жанды жері» [5]. «Арғымаққа міндім деп, Артқы топтан адаспа» деп ханға, хан маңайындағыларға халықты ұмытпауды, халықтың қамын ойлауға шақырса, «хансыз елде күн бар ма?», «халықтың жайын хан білер» деп ханның халыққа қажеттілігін түсіндірді, хан мен халықтың арасындағы сенімнің нығаюын тіледі. «Жер-ұйық» идеясын жасады. Жер — мемлекеттің мемлекеттілігінің белгісі, оның негізі. Мемлекет жерсіз болмайды. Жер болғанда да жай жер емес, халық айрандай ұйыптын, бірлікте, келісімде, татулықта өмір сүретін Жер болуы шарт. Асан Қайғының жел маясына мініп, жер аралауының мақсаты елді жаудың құрығы жетпейтін, кең сахараның қойнауына, даланың төсіне қарай көшіру еді. Өзі ақылшы, кеңесші болып отырған хан Жәнібекке:

*Арасынан қытай, орыстың
Қорған сап тыныш жатырсың,
Өзің – Жәнібек, елден асқан батырсың!
Тіл алсаң іздеп қоныс көр,
Желмая мініп, жер шалсам,
Тапқан жерге ел көшір,
Бұл арадан көшпесең,
Айтқаныма түспесең,
Кәуір алар қалаңды,
Шулатар қатың-балаңды! [1; 58] —*

деп «қарындастарына» жақсы жер — Жер-ұйықты іздеп кетеді Асан Қайғы. Бірнеше жыл қазақ жерінің о шеті мен бұ шетінен Жер-ұйықты іздеген Асан ата Қайғы атанды. Оның қайғысы —

халқының қайғысы, ұрпағының қайғысы. Ұрпағы орыстардың қолында болмаса екен деп Асан қайғырады.

*Арқада жатып ақырған,
Аламанды шақырған,
Амалды кәуір алғанда,
Қиямет-қайым болғанда,
Жәнібек атты жақсы хан,
Баланы сенен сұраймын! [1; 57]*

Асанның Жәнібекке баланы сенен сұраймын деуі жайдан-жай емес. Жәнібек болса, хан, ал Асан болса, жырау, ойшыл. Ол халықтың тағдырына, ұрпақтың тағдырына ханның жауапты екендігін жақсы біледі. Сондықтан да ол ханды жауапкершілігін жақсы атқаруына міндеттейді, «баланы сенен сұраймын» деп қатты айтады. Себебі хан халықтың басшысы болғандықтан, халықтың сенімін арқалағандықтан, халықтың болашағын ойлауы, ұрпағының өзгенің құлы болмай өсуіне жағдай жасауға міндетті. Асан Қайғының да, басқа да қазақ жырауларының да толғандырған мәселесі – санасы лайланбаған, рухы сынбаған, тілін де, дінін де, ділін де ұмытпаған ұрпақ өсіру мәселесі болатын. Бұны Қазтуғанның мына бір толғауынан аңғаруға болады:

*...Кейінгі өскен жас бала,
Ақ балтырын түрініп...
...Аузы түкті кәпірдің
Етпегей еді жұмысын!
Бұл қоныстан кетпесең,
Мұны талақ етпесең,
Екеу-екеу сөйлесіп,
Біздің кейінгі жас бала
Аузы түкті кәпірдің
Соқпаса екен пайдасын! [6].*

Жыраулар бостан-бос даурығып жүрген жоқ. Олар болып жатқан оқиғаларды ой елегінен өткізіп барып, «аузы түкті кәпірлердің» күшті болған салдарын көргеннен кейін ғана «қозғалақтайды». Тарихқа үңілсек, бұл кездер Ресей патшалығының Қазан, Астрахань хандықтарын, Оңтүстік-Батыс Сібірді жаулап алып, Қазақ Ордасының шекарасына жақын келіп, Еділдің, Жайықтың, Ертістің бойына әскери бекіністерін, қорғандарын салып жатқан уақыт еді.

*Еділді алса — елді алар,
Енді алмаған не қалар?
Жайықты алса — жанды алар,
Жанды алған соң не қалар?
Ойылды алса — ойды алар,
Ойлашы, сонда не қалар?
Қара мауыты мұшақат
Бүтін тоғай жерді алар [6; 15].*

«Аузы түкті кәпірлер» Еділ мен Жайықты алды. Даналарымыздың көрегендігі дәл келді. Орыс жасақшылары Еділ мен Қазан бойындағы елдерге қайта-қайта шабуыл жасады. Енді олардың көздері қазақ даласының орталығына, оңтүстігіне түсті. Қазақ жеріне «жаяулап келіп», қазақ елінің ішкі (сұлтандар арасына іріткі салу), сыртқы (қазақтарға қарсы қалмақтарды, ойраттарды, Орта Азия елдерін айдап салу) тыныштығын бұзу арқылы қитұрқы отарлау саясатын жүзеге асырып жатты. Қазақ жеріне жымысқыланып кіре берді. XVIII ғасырдың бірінші жартысында-ақ Ресей патшалығы қазақтың біраз жерін басып алды. Ресейдің қамқорында болады деген қазақ халқы оның құлы болып шыға келді.

Қазақ елінің Ресей елімен саяси, сауда-саттық байланысы орнай бастаған заманнан XVIII ғасырдағы отарлық басыбайлықтың алғашқы дәмін тата бастаған заманға дейінгі аралық қазақ халқының қилы заманды басынан кешкен уақыты деп айтсақ болады. Заман – адамдардың өмір сүруінің тарихи-мәдени кеңістігі. Адамдардың өмір сүру қалпының өзгеретіндігін, өмір сүретін тарихи-мәдени кеңістігінің бұзылатындығын елдің ішкі де, сыртқы да жағдайын сараптап, бағамдап болжай білетін қасиеті арқасында Асан Қайғының көзі жеткен. Болашақта ұрпағының басына туар заманды «қилы заман» деп атайды. Қилы заманның сипатын Асан былайша түсіндіреді:

*Мұнан соң қилы-қилы заман болар,
Заман азып, заң тозып жаман болар.
Қарағайдың басына шортан шығып,
Балалардың дәурені тәмам болар.
Ол күнде қарындастан қайыр кетер,
Ханнан күш, қарағайдан шайыр кетер.
Ұл-қызың орысқа бодан болып,
Қайран ел, есіл жұртым сонда не етер?! [7].*

Қарағайдың басына шортанның шығуы табиғатта болмайтын құбылыс. Яғни, бәрі ойдағыдай, өз орнында болатын қалыпты жағдайда судағы шортан шөлдегі қарағайға қалай шықпақ? Ал қилы заманда бұл мүмкін. Бұл метафоралық сөздің мәнісі «қилы заманда» құндылықтардың ауысатынында. Бұрынғы жаман жақсы атанады, қоғамдағы нормалар, заңдар ұмытылып, әуелде істеуге болмайтын, теріс әрекеттер бұл заманда қалыпты құбылысқа айналады және қазақтың ұл-қызы орысқа бодан болады. Асан халқының басына осындай заман келерін болжап, көзі жетіп отыр.

Қазақ болашағын Асан Қайғыдан артық, дәл болжаған ешкім болған жоқ. Ол XV ғасырда отырып-ақ бірнеше ғасырларға болжамдар айтқан. Оның айтқан болжамдары шындыққа айнала бастаған XVIII ғасырда өмір сүрген қазақтың көмекей әулиесі Бұқар жырау да болашақта орыстардан қауіптің болатынын дәл айтып көрсетеді. Оның ойынша, «өзі сары, көзі көк, бастығының аты — поп, құдайды білмес, діні жоқ, жамандықта міні жоқ, аузы-басы жүн кәпірлер» қазақ жеріне «жаяулап келіп», «жемірлерге жем беріп, жағалы шекпен кигізіп, мұртыңа балды май жағып», «ел қамын айтқан жақсыны сөйлетпей ұртыңа ұрып», «қанымызды бауыздамай ішіп, жанымызды өлтірмей алып», «қолымызға теңдікті бермей» отарлаудың ойранын салып-ақ болады. Бұқардың да ойы Асан қайғының ойымен астарлас. Екеуі де қилы заманның болатынын болжап берді. Бір ойшылдың сөзінің мәнісін ойшыл ғана түсінсе керек.

Бұқар жырау мына бір өлеңінде көршілес жатқан орыс империясынан келер жамандықтың бар екенін ескертеді.

*...Он екі айда жаз келер,
Құс алдында қаз келер.
Айтып-айтпай не керек,
Дәуреніңіз аз келер.
Сондай заман жеткенде,
Шаңырағың тұл болар.
Еліңе қауіп төнгенде,
Ата ұрпағың құл болар.
Қараларың қас болар,
Қаскөйлерің бас болар.
Орыстар келер ғалым боп,
Әулиедей көрінер.
Поптары болар сазандай,
Кітабы болар қазандай...
Ақыретке барғанда,
Ақсүйекті қор тұтқан,
Қараны одан зор тұтқан,
Орыстарды пір тұтқан,
Сорлы болған қазағым,
Татарсың солардан жасаңды-ай [1; 125].*

Осы айтылған сөздердің ақиқаттығын уақыт дәлелдеді. XVIII ғасырда Ресей империясының қазақ елін ашық түрде отарлау саясаты басталды. XIX ғасырда хандық билік ресми түрде жойылып, ханнан күш кетті. Қазақ елі бодан елге айналды. Онымен қоймай XX ғасырда Қазақ мемлекетінің КСРО құрамында болуы елді өз төл құндылықтарынан ажыратты, жамандар би болып, игі жақсылар қор болды. Елдің рухани өмірі өзгеріске ұшырады. Ұлтты жоюға бағытталған, яғни оның тілін, ділін, дінін құрту саясаты қарқынды түрде жүзеге асып, жемісін әлі күнге дейін беріп келеді. Асан Қайғының «қилы заманы» шындыққа айналып, «зар заман» деп зарлаған Дулат Бабатайұлы, Шортанбай Қанайұлы, Мұрат Мөңкеұлы, Асан Барманбекұлы, Әбубәкір Кердеріні және Ресей отаршылығына қарсы күресті жаңа деңгейге көтерген қазақ ойшылдарын тудырды.

References

- 1 Magauin M. *Aldaspan*, Almaty: Atamura, 2006, 24 p.
- 2 Salgaruly K. *Think over, Kazakh!* Astana: Foliant, 2009, 142 p.
- 3 Wake up // Social-political, cultural-cognitive magazine, 2010, № 1, p. 33.
- 4 *The history of Kazakhstan, from ancient times till nowadays*, Almaty: Daur, 1994, 184 p.
- 5 Esim G. *The history of Kazakh philosophy*, Almaty: Kazakh university, 2006, 37 p.
- 6 *Poetry about prosperous and suffering times*, Almaty: Jazushy, 2007, 92 p.
- 7 Kenjaly T. *Asan Kaigy*, Almaty: Dike-Press, 2006, p. 218.

А.С.Сағатова, Е.К.Аринов

Размышления казахских мыслителей XV–XVIII веков о российской колонизации

В статье рассмотрена актуальная проблема в истории казахской философии — размышления казахских мыслителей XV–XVIII веков о российской колонизации. Авторами определено начало колонизации казахской земли — XV–XVI вв. В качестве доказательств в статье приведены размышления, связанные с российской колонизацией живших в то время казахских мыслителей Асана Кайгы, Казтугана, Шалкииза, Доспанбета, Жиембета, Умбетей, Бухар жырау.

A.S.Sagatova, Ye.K.Arinov

Thoughts about Russian colonization of Kazakh thinkers who lived in XV–XVIII centuries

Researching the thoughts about Russian colonization of Kazakh thinkers who lived in XV–XVIII centuries is the main question for the history of Kazakh philosophy. Because authors think that Russian colonization of Kazakh land began in XV–XVI centuries. As an evidence for it, there were written thoughts of Kazakh thinkers as Asan Kaigy, Kaztugan, Shalkiyz, Dospanbet, Jiembet, Umbeteym Buhar Jyrau which concern Russian empire.